

Оқушылардың асханадағы техника қауіпсіздігін және тәртіп ережелерін сақтау туралы нұсқаулық

Барлық оқушылар осы нұсқаулықты ас ішу уақытында сақтауы қажет.

I. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары

1. Асханага тәртіпті сактай отырып асықпай, сабырлықпен кіріп және шықкан жөн.
2. Асханага сөмкө немесе портфель апармаған жөн.
3. Асхананың ішкі бөлмелеріне кіруге болмайды.
4. Ідистар мен жиһазға ұқыптылықпен қараған дұрыс. Оларды сындыруға болмайды.
5. Электржарығын өздігінен қосуға және сөндіруге тыйым салынады.
6. Терезені және терезенің желдеткішін өздігінен ашып - жабуға тыйым салынады.

Асханадағы жаракат алу қауіпсіздігі:

- Электржарығын қосып және сөндірген кезде (тоқ соғу қаупі бар)
- Үстүк тағам, шәй құйылған ыдысты тасу кезде (куйіп қалу қаупі бар)
- Шыны ыдыс сынған жағдайда (жаракаттану қаупі бар)

II. Ас ішу алдындағы қауіпсіздік талаптары

1. Ас ішу алдында қолды сабындал жу.
2. Асханага кірген кезде тәртіп ережесін және ас ішу уақытынның кестесін сақта.
3. Үстел басында өз орнына отыр.

III. Ас ішу кезінде қауіпсіздік талаптары

1. Үстел басында тәртіп ережелерін сақта.
2. Жолдастарының ас ішүіне бөгет жасама.
3. Ас ішкен кезде сөйлеспе, көршілерінді итерме
4. Үстүк тағамды асықпай, мұқиятты іш.
5. Босаған ыдысты сол жағына қойып, оның құлағанына жол берме.

IV. Қауіпті жағдайдағы қауіпсіздік талаптары

1. Қауіпті жағдай туылған жағдайда (өрт, өткір ііс шығу) сынып кураторы немесе аспазшылардың бұйырымен асхананы босатқан жөн.
2. Жаракатталған кезде көмек алу үшін кураторға жолық.

V. Ас ішкенен кейінгі қауіпсіздік талаптары

1. Асханадан сабырлықпен, бірін-бірі итермей, тәртіп сақтап шықкан жөн.
2. Асханадан тамақ шығарма.

**«Нұртас Ондасынов атындағы №5 жалпы орта мектебі» КММ-сі әлеуметтік педагог
мәліметі**

2021-2022 оқу жылы

Мектептің әлеуметтік паспортымен таныстырып отсек, көп балалы отбасылар саны-73, оның ішінде оқушылар саны -158. Ата-анасы жоқ жетім бала -4 Атаулы әлеуметтік көмек алатындар- 34 оқушы. Атаулы әлеуметтік көмек алмайтын күн көріс деңгейі төмен- 47 оқушы.

Оқу жылшының басында статустағы оқушылардың құжаттарын реттеп, жана оқу жылшына тізім жасалынды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігі 2019 жылғы 1 тамыздан 30 қыркүйек аралығында күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан оқушыларға көмек көрсету үшін «Мектепке жол» республикалық акциясы ұйымдастырылды. Акция жыл сайын откізілуде. 2021-2022 оқу жылшында демеушілеріміз бұл Әскери болім 5 оқушыны мектеп сумкаларымен жәнеде оқу құралдарымен қамтамасыз етті, ТОО KAPIZ 2 оқушыға 25000 тг көлемінде каржылай көмек көрсетті, Блоггер Айткул 17 балаға мектеп формаларымен жәнеде оқу құралдарымен көмек көрсетті

2021-2022 оқу жылшында Жалпыға міндепті білім беру қорынан 34 оқушыға әрқайсысына 25000 тг көлемінде 1 реттік көмек көрсетілді.

Алеуметтік педагог:



Тулевова З

Мектеп асханасының жұмысы.

«Ас адамның арқауы» дегенмен, дұрыс тамақтанудың денсаулық кепілі екенин ұмытпаңыздар!

Оқушылардың мектепте болған кездеріндегі ыстық тамақпен қамтылуы, олардың денсаулығын сақтауларына, жақсы оқуларына әсер етеді.

Оқушылардың көп уақыттары мектепте өтетіндіктен мектепте жақсы тамақтануды ұйымдастыру біріншіден олардың денсаулық деңгейін көтереді.

Сол себепті есіп келе жатқан жеткіншектердің дұрыс тамақтануы ең басты фактор болып саналады. Толық және құнарлы тамақтану әр түрлі аурулардың алдын алады.

2021-2022 оқу жылының қыркүйек айынан бастап біздін мектепте ыстық тамақ ұйымдастырылды.

Максаттағы тұтынушылар мен көрсеткіштер: Мектепте 1-11 сыныптарда барлығы 1740 оқушы бар.

2021-2022 оқу жылында ыстық тамақпен қамтылғандар.

1 сынып оқушылары – 204

2-11 сынып оқушылары - 34

Демеуші есебінен -3 оқушы

Ақылы тамақтанатын 1-4 сынып оқушылары-176

Ақылы тамақтанатын 5-11 сынып оқушылары-72

Мұғалімдер мен жұмыскерлер-86

Жалпы күнделікті 600 ден астам адам ыстық тамақпен қамтылады.

800ге жуық буфеттен түрлі нан тағамдары шығарылады.

Түскі ас құны-520тг ден аспайды

Мектеп асханасында тамақпен қамту-92% қамтылды.